## "2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № А-1/10 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № А-12/2092 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 қаңтарда № 5174 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.
Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1 бабының 1-тармағына сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № А-1/10 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4636 болып тіркелген, «Степной маяк» және «Көкшетау» газеттерінде 2015 жылдың 4 ақпанында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Қ.Қ.Жылқабаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімінің міндетін атқарушы Ш.Сәдуақасов*

Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № А-12/2092 қаулысына қосымша

Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы

№ А-1/10 қаулысымен бекітілген

# 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| Елді пунктінің атауы | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны | | | | Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері ( теңге) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақша | | Күндіз толық қатынайтын шағын орталық | | Балабақша | | Күндіз толық қатынайтын шағын орталық | |
| | Мемлекеттік | Жеке меншік | Мемлекеттік | Жеке меншік | Мемлекеттік | Жеке меншік | Мемлекеттік | Жеке меншік |
| Көкшетау қаласы | 2230 | 745 | 280 | 0 | 21476,0 | 21476,0 | 13523,0 | 0 |

кестенің жалғасы

| Бір тәрбиеленуші айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) | | | | Мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-аналардың бір айға төлемінің ең жоғары мөлшері (теңге) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Балабақша | | Күндіз толық қатынайтын шағын орталық | | Балабақша | | Күндіз толық қатынайтын шағын орталық | |
| Мемлекеттік | Жеке меншік | Мемлекеттік | Жеке меншік | Мемлекеттік | Жеке мешік | Мемлекеттік | Жеке меншік |
| 21476,0 | 21476,0 | 13523,0 | 0 | 11791,3 | 19097,3 | 11791,3 | 0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК